

Алаш көсемдерінің бірі және бірегейі Тұрар Рысқұлов

Туылған тар заманда Тұрар едім,
Елім деп еңіреген ұлан едім,
Қолымда күдіретті билік болса,
Тарихты тура жолға бұрар едім.



Тұрар Рысқұловтың өмірбаяны

- * Тұрар Рысқұлов 1894 жылы 26 желтоқсанда Жетісу облысы (қазіргі Алматы облысының шекарасы) Верный уезінде, Шығыс болысында дүниеге келген. Белгілі партия және мемлекет қызметкері.
- * Әкесі 10 жылға сотталып Сахалинге жер аударылған соң Рысқұлов – «Қырғызбаев» деген жалған фамилиямен нағашыларының қолына келіп, Меркідегі орыс-түземдік бастауыш мектепте оқиды. Мұндай аралас мектептер белсенді миссионерлік мақсат ұстанған болатын. Әкесімен бірге Верный қаласының түрмесінде болған кезінде түрме бастығы Приходько жас Рысқұловты шоқындыруға әрекеттенсе, Меркідегі шәкірт кезінде де осындай әрекет оның алдынан тағы да шығады.

Білім алған оқу орындары


* Орыс-қазақ мектебінде оқыды. Мектепті тәмамдаған соң ол Пішпек (қазіргі Бішкек қаласы) қаласындағы ауылшаруашылық училищесіне оқуға түсті. Училищені озат аяқтаған соң ол Ташкент мұғалімдер институтына тапсыруға бел байлайды. Ол институтты аяқтай алмайды; Себебі Тұрарды революциялық қызмет қызықтырады.


Атқарған қызметтері:

- * 1917 жылы ол Әулие ата уезінде жастар ұйымын құрады.
- * 1917 жылдың қараша айынан 1918 жылдың қарашасына дейін Әулиеата уезінің Кеңестік департаментінің төрағасы болады.
- * 1918 жылдың шілдесінен желтоқсанына дейін – Түркістан АССР ұлттық комиссары.
- * 1918 жылдың желтоқсанынан 1920 жылдың қаңтарына дейін Республикалық Ұлттық Комиссарлар Кеңесі (ҰКК) төрағасының орынбасары болды.
- * 1922 жылы РСФСР ұлттық ісі бойынша ұлттық комитеттің орынбасары болып тағайындалады.

- * 1922 жылдың 6 қыркүйегінен 1924 жылдың қыркүйегіне дейін Түркістан АССР СКО төрағасы болып жұмыс істейді.**
- * 1924 жылдың сәуірінен 1926 жылдың маусымына дейін – Коминтерндегі Шығыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары.**
- * 1925-1926 жж. – Монғолия Коминтернінің құзыретті өкілі.**
- * 1926 жылдың наурыз-маусымында партияның қазақ аймағының баспа бөлімінің басқарады.**
- * 1926 жылдың шілдесінен 1937 жылдың шілдесіне дейін РСФСР ҰКК төрағасының орынбасары.**

*** Рысқұловтың адалдығы мен бірбеткейлігі көбіне ұнамады... Оның дәлелі – оның қызметтік тізімі. Тұрарды бір жұмыс орнынан екіншісіне ауыстырып отырды. Оны Түркістан СКО төрағасы орнында қалдыруға қорықты, Тұрар ол жерде отырса Түркістан Ресейден алшақтап кетеді деп ойлады. Ресей бұған көндіге алмады: шикізатқа өте бай республикадан айырылуға жол бермеу керек еді**





Түркістан түркітілдес халықтардың ортақ үйі еді. Тұрар Рысқұлов шекараны бөлу кезінде осыны ескеруді және жергілікті талаптарды да назардан тыс қалдырмауды ұсынды. Ұлтының қайғысы мен мұңына Тұрар Рысқұловтың қабырғасы қайысты

СТАЛИНГЕ ХАТ

Құпия


РСФР
Халық комиссарлары
Советі Төрағасының
Орынбасары
Т.Р.Рысқұлов
11 наурыз, 1933 ж
№Т.Р. – 07/0
Москва, Кремль
тел. № 4 – 72

ВКП(б) Қазақстан
Өлкелік Комитетіне
Мирзоян жолдасқа

Тұрардың мінез-кұлқын оның 1933 жылы Сталинге жазған хатынан байқауға болады, ол жерде Тұрар аштықтан өліп жатқан халқының тағдырын ашық жазған. Осы хаттан кейін ғана Қазақстанға азық-түлік арқылы көмек көрсету мәселесі шешілді. Ұжымдандыру қазақтарды негізгі азық-түлік көзінен - малынан айырды. 1932-1933 жж. ашаршылық салдарынан ұлт жойылып кете жаздады. Тұрардан басқа ешкімнің шындықты айтуға батылы жетпеді.

Күн өткен сайын асқына түскен ашаршылық пен жұқпалы ауруларға қарсы күреске Т. Рысқұлов қатты күш-жігер жұмсады. Науқастарды емдеу, ауруханалар ашу және жұқпалы аурулардан сақтандыру өте қиынға түсті



- 
- * Уездік кеңес 1918 жылы 23 сәуірде жұқпалы аурулармен күрес шараларын белгілеп, жұмысты үйлестіру үшін санитарлық комиссия тағайындады. Әулиеата қаласының маңында қоғамдық тамақтандыру орындары ұйымдастырылып, онда 20.000 адамға дейін ашыққан қазақтар тамақтандырылды**

Т. Рысқұловтың Әулиеата уезіндегі қоғамдық-саяси қызметіндегі бағыттары:

- * – уезде кеңес өкіметін нығайтып, оны жергілікті халықтардың төл өкіметіне айналдыру үшін күрес;**
- * – жергілікті халықтарды саяси-әлеуметтік және экономикалық істерге топтастырып, сауатты жастарды басқару ісіне тарту;**
- * – негізінен көшпелі халықты қамтыған сұрапыл ашаршылықпен күрес;**
- * – асқына шиеленіскен қазақ және орыс тұрғындары арасындағы ұлтаралық ала ауыздықты бәсеңдету;**
- * – уездің халық шаруашылығын қалпына келтіріп, өркендету бағытында атқарылған шаралар және т. б.**

*** Осындай сан қырлы мемлекеттік, қоғамдық жұмыстарды атқара жүріп Т. Рысқұловтың өзі де бай саяси тәжірибе жинап, 1918 жылдың өзінде-ақ мемлекеттік басқару ісінің қырсырын жақсы меңгерген саяси қайраткер деңгейіне көтерілген еді.**

*** Т. Рысқұлов Тұран Түркістан тәуелсіздігін қолдады. Оның идеяларын Орталық басшылық қабылдамады. Бірлік пен тәуелсіздікті сақтау Ресейдің большевиктік басшылығының жоспарына кірмеді. Өзінің дәлелдері, адалдығы, бір беткейлігі үшін Рысқұлов халық жауы атанды және атылды.**

Білім саласына қосқан үлесі

- * **Рысқұлов білім және мәдениеттің дамуына көп көңіл бөлді. Оның бастамасымен Ташкент қаласындағы Орта Азия университеті және С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті (қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті) құрылды. Тұрар Рысқұловтың қаламынан ондаған кітаптар, кітапшалар, жүзден аса мақалалар шыққан. Қазақ халқының осындай керемет ұлының құрметіне Алматы қаласында даңғылға, Қазақ экономикалық университетіне де оның есімі берілген.**

Қорытынды

- * **Қазақ халқының көрнекті перзенті, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері Тұрар Рысқұлов өзі өмір сүрген кезеңде туған елінің болашағы үшін көп нәрсе жасады. Рысқұловтың артына қалдырған өшпес мұрасы – саясат, экономика және рухани құндылықтар тақырыбына жазған публицистикалық, терең зерттеу еңбектері мен мақалалары бүгінде өз ұрпағына қызмет етуде.**



Назарларыңызға рахмет!!!